

**Адося балабақшасы педагог қызметкерлермен өткізілген педагогикалық кеңес хаттамасынан көшірме.**

**Бестамақ ауылы**

**27.05.2024 жыл**

**Қатысқандар: 7**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына дайындау;
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия мүшелерін бекіту;

**ТАЛҚЫЛАНДЫ:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі И.Укибасова сөз алып, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірлену керек. Өзін-өзі бағалау жұмыстары жыл сайын өткізіледі.

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;



5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Өзін-өзі бағалау жұмыстарына қажетті құжаттарды даярлауда барлық педагогтар қамтылсын. Сондықтан барлық педагогикалық ұжымға өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін алдағы уақытта атқарылатын іс-шараларды өз міндеттеріңізге алып, ауыз біршілікте жұмыс жасауға шақырамын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе балабақшада өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды өткізу «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақшада комиссия мүшелерін төмендегі құрамда бекітуді ұсынамын:

- 1.1. комиссия төрағасы-И.Укибасова, меңгеруші;
- 1.2. комиссия мүшесі-А.Зукір, әдіскер;
- 1.3. комиссия мүшесі-Д.Тулегенова, тәрбиеші;
- 1.4. комиссия хатшысы-Ә.Кулманова, тәрбиеші;

### **ШЕШІМ:**

1. Бағалау өлшемшарттарындағы қосымшаларға сәйкес балабақша ішіндегі педагогтар арасында кіші жұмыс топтар құрылсын;
2. Ұсынылған комиссия мүшелері құрамына бұйрық шығарылып, бекітілсін;

**Отырыс төрағасы** **И.Укибасова**

**Отырыс хатшысы** **Ә.Кулманова**

